

«В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебі» КММ
Қамқоршылық кеңесі отырысының кезектен тыс хаттамасынан көшірме
№2

Алға қаласы

11.12.2023 ж

Қатысты: Кеңес төрағасы Нургалиев Аскар Назарбаевич

Кеңес мүшелері: Алпамысова Р.А, Қаласова Г.А, Тажибекова М.Б, Ешимова Г.К,
Базарбай А.М, Мусина Б.Т. және кәсіподақ ұйымының төрайымы Утемуратова Б.О

Күн тәртібі:

1. 2022- 2023 оқу жылының қорытындысы бойынша білім беру қызметкерлеріне, кіші қызметкерлерге және қосымша жұмыс атқарып жүрген мұғалімдерге 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні және Жаңа жыл мерекесі қарсаңында сыйақы беру жайлы.
2. Мектепке 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап жұмысқа қабылданып, еңбек етіп жатырған мұғалімдерге сыйақы беру туралы.
3. Мектеп әкімшілігі мен есеп қызметкерлеріне қосымша сыйақы қосу жайлы.
4. Бірлестік жетекшілеріне қосымша сыйақы беру жайлы.
5. Зейнеткер мұғалім Т.Тлеуовтің жеке арызы жайлы.
6. Қызметкерлерге берілетін сыйақы ақшасынан кәсіподақ жарнасының ұсталмауы жайлы.

Тыңдалды: 1 - мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.Нургалиев сөз алып, 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні және Жаңа жыл мерекесі қарсаңында мектеп қызметкерлеріне 31 822 000 теңге (отыз бір миллион сегіз жүз жиырма екі мың теңге) көлеміндегі сыйақыны беру жайлы айтып өтті.

Кеңес төрағасы Нургалиев А.Н 2022- 2023 оқу жылының қорытындысы бойынша әр білім беру қызметкерлеріне, кіші қызметкерлерге және қосымша жұмыс атқарып жүрген мұғалімдерге бір айлық көлемінде сыйақы тағайындауды ұсынды.

Сөз алған кеңес мүшесі М.Тажибекова бөлінген қаржы жеткілікті болса барлық қызметкерлерге бір айлықтан көбірек көлемде сыйақы тағайындау жөнінде ұсыныс жасады.

Осы мәселе бойынша кеңес мүшелері Г.Ешимова, А.Базарбай ұсынысты мақұлдады және мектеп қызметкерлерінің бәріне қаржының көлеміне қарай мүмкін болса 1,65 айлық көлемінде сыйақы беруге ұсыныс жасады.

Кеңес мүшелері бұл ұсынысты қолдады.

2-мәселе бойынша кеңес мүшесі Р.Алпамысова жоғарыда айтылған ұсыныстарды қолдай отырып, жұмысқа биылғы оқу жылында келген мұғалімдерге сыйақы берілгені дұрыс екенін айтты және 100 000 теңге көлемінде сыйақы беруге ұсыныс білдірді. Ұсыныс қолдау тапты.

3- мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшесі Г.Қаласова белгіленген жұмыс уақытынан артық, уақытпен есептеспей жұмыс жасап жатырған мектеп әкімшілігі мен есеп қызметкерлеріне қосымша сыйақы қосуды ұсынды.

Кеңес мүшелері бұл ұсынысты қолдап, мектеп әкімшілігіне 200 000 теңге көлемінде, бас есепшіге 244 000 теңге көлемінде қосымша сыйақы қосуды мақұлдады.

4- мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшесі Б.Мусина қоғамдық негізде бірлестік жұмысын атқарып, мұғалімдерді шығармашылық жұмыс жасауға ынталандырып, ақпараттық жағынан қамтамасыз етіп отырған әдістемелік бірлестік жетекшілеріне 130 000 (бір жүз отыз мың) теңге көлемінде қосымша сыйақы қосылса деген ұсыныс айтты.

Ұсыныс қолдау тапты

5- мәселе бойынша кәсіподақ ұйымының төрайымы Б.Утемуратова сөз алып зейнеткер мұғалім Т.Тлеуовке «Зардап шеккен қызметкердің көмектің қосымша түрлеріне және күтімге мұқтаждығы туралы қорытындысына» және жеке арызына байланысты көмекке қаржы бөлу жайлы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, талқыланды.

Ұсыныстар бірауыздан қабылданды.

6- мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Нургалиев сөз алып, берілген сыйақыдан кәсіподақ жарнасы ұсталмау керектігін айтып өтті.

Ұсыныс қолдау тапты.

Қаулы:

- 1.2022- 2023 оқу жылының қорытындысы бойынша білім беру қызметкерлеріне, кіші қызметкерлерге және қосымша жұмыс атқарып жүрген мұғалімдерге 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні және Жаңа жыл мерекесі қарсаңында сыйақы 1,65 айлық жүктеме көлемінде сыйақы беру ұсынылсын.
- 2.Мектепке 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап жұмысқа қабылданып, еңбек етіп жатырған мұғалімдерге 100 000 (жүз мың) теңге көлемінде сыйақы беру ұсынылсын.
- 3.Белгіленген жұмыс уақытынан артық, уақытпен есептеспей жұмыс жасап жатырған мектеп әкімшілігіне 200 000 (екі жүз мың) теңге және есеп қызметкеріне 244 000 (екі жүз қырық төрт мың) теңге көлемінде қосымша сыйақы қосу ұсынылсын.
- 4.Қоғамдық негізде бірлестік жұмысын атқарып, мұғалімдерді жұмыс жасауға ынталандырып, ақпараттық жағынан қамтамасыз етіп отырған әдістемелік бірлестік жетекшілеріне 130 000 (бір жүз отыз мың) теңге көлемінде қосымша сыйақы қосу ұсынылсын.
- 5.Зейнеткер мұғалім Т.Тлеуовке «Зардап шеккен қызметкердің көмектің қосымша түрлеріне және күтімге мұқтаждығы туралы қорытындысына» және жеке арызына байланысты (тапсырған түбіртекке сәйкес) 140 155 (бір жүз қырық мың бір жүз елу бес мың) теңге көлемінде көмек беру ұсынылсын.
- 6.Қызметкерлерге берілетін сыйақыдан кәсіподақ жарнасы ұсталмауы ұсынылсын.
- 7.Бас есепші Г.Балтымовғаа бекітілген тізімге сәйкес білім беру қызметкерлеріне, кіші қызметкерлерге және қосымша жұмыс атқарып жүрген мұғалімдерге сыйақы төлеу шараларын ұйымдастыру ұсынылсын.

Кеңес төрағасы:

Нургалиев А.Н

Кеңес мүшелері:

Алпамысова Р.А

Каласова Г.А

Тажибекова М. Б

Ешимова Г.К

Базарбай А.М

Мусина Б. Т